

**«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ
жанындағы 8D091 «Ветеринария» кадрларды даярлау бағыты (8D09101
Ветеринарлық медицина және 8D09102 Ветеринарлық санитария білім
беру бағдарламалары) бойынша диссертациялық кеңестің
2024 ж. атқарған жұмысы туралы**

ЕСЕП

«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ жанындағы диссертациялық кеңес ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2023 жылғы 30 қазандағы № 760 бұйрығы негізінде бекітілді.

«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ жанындағы Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелерінің құрамы:

- «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ Басқарма Төрағасы-Ректорының 14.11.2023 ж. № 228 НҚ бұйрығы негізінде;
- университеттің ғылыми кеңесінің шешімі (10.11.2023 ж. № 14 хаттама), және «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ Басқарма Төрағасы-Ректорының 06.09.2024 ж. №197 НҚ бұйрығымен бекітілді (14.11.2023 ж. № 228 НҚ бұйрығына өзгеріс енгізілді).

Диссертациялық кеңестің төрайымы профессор Р.М. Рыщанова, төрайымның орынбасары профессор А.А. Тегза, ғалым хатшы қауымдастырылған профессор А.Т. Елеусизова тағайындалды.

Диссертациялық кеңеске келесі білім беру бағдарламалары бойынша диссертацияларды қорғауға қабылдауға рұқсат етілген: 8D09101 – «Ветеринарлық медицина», 8D09102 – «Ветеринарлық санитария».

1. Өткізілген отырыстар саны туралы мәліметтер

Есеп беріліп отырған жылы 8 отырыс өткізілді.

№1 отырыс (12.07.2024 ж.) – 3 сұрақ қарастырылды:

1. Диссертациялық кеңес туралы Үлгілік ережеге өзгерістер енгізу туралы ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 14.06.2024 ж. № 294 (01.07.2024 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен танысу.
2. Жаңа талаптарға сәйкес диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелерінің құрамын өзгерту.
3. Докторант А.Г. Жабықпаеваның «8D09101 – Ветеринарлық медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмысын қорғауға қабылдау туралы өтінішін қарастыру.

№2 отырыс (22.07.2024 ж.) - 2 сұрақ қарастырылды: 1. Докторант А.Г. Жабықпаеваның ғылыми-зерттеу саласы бойынша диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындалу.

2. Диссертация бойынша ресми рецензенттерді тағайындау және қорғау күнін бекіту.

№3 отырыс (23.09.2024 ж.) – Ізденуші Жабыкпаева А.Г.-ның докторлық зерттеу бағытын ескере отырып, диссертациялық кеңестің құрамына уақытша мүшесі ретінде шетелдік ғалым М. Шаркунастың бекітілуі.

№4 отырыс (11.10.2024ж.) – Докторант Асхат Қонысбайұлы Жұмабаевтың «8D09102 – Ветеринарлық санитария» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін іздену үшін диссертациялық жұмысты қорғауға қабылдау туралы өтінішін қарастыру. Докторлық зерттеу саласына байланысты диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін бекіту. Ізденушінің диссертациялық жұмысы бойынша ресми рецензенттерді тағайындау.

№5 отырыс (11.10.2024ж.) – Докторант Жеңіс Серікұлы Құсмұхановтың «6D120200-Ветеринариялық санитария» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін іздену үшін диссертациялық жұмысты қорғауға қабылдау туралы өтінішін қарастыру. Докторлық зерттеу саласына байланысты диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін бекіту. Ізденушінің диссертациялық жұмысы бойынша ресми рецензенттерді тағайындауы.

№6 отырыс (17.10.2024 ж.) – «8D09101 – Ветеринарлық медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қостанай облысындағы иксодофаунаны зерттеу және иттердің бабезиозын алдын алу» тақырыбындағы докторант А.Г. Жабыкпаеваның диссертациялық жұмысын қорғауы.

№7 отырыс (15.11.2024 ж.) – «8D09102 - Ветеринарлық санитария» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Батыс Қазақстан облысы су айдындарындағы балықтардың ветеринариялық санитариялық қауіпсіздігі» тақырыбындағы докторант А.К. Жұмабаевтың диссертациялық жұмысын қорғау.

№8 отырыс (15.11.2024 ж.) – «6D120200 - Ветеринарлық санитария» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Мия тамырының экстрактісі пайдаланылған құс етін ветеринарлық-санитарлық бағалау» тақырыбындағы докторант Ж.С. Құсмұхановтың диссертациялық жұмысын қорғау.

2. Отырыстардың жартысынан кем жұмысына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелері - жоқ.

3. Оқу ұйымы келтірілген докторанттардың тізімі

Т.Ә.Ж.	Мамандығы	Диссертация тақырыбы	Ғылыми кеңесшілері	ЖОО (оқу орны)
Жабыкпаева	8D09101 –	«Қостанай	<u>Рыщанова Р.М.</u> –	«Ахмет

<p>Айгуль Габызхановна</p>	<p>Ветеринарлық медицина</p>	<p>облысындағы иксодофаунаны зерттеу және иттердің бабезиозын алдын алу»</p>	<p>Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің профессоры, философия докторы (PhD); <u>Ермолина С.А.</u> - ветеринария ғылымдарының докторы, Зоогигиена, физиология және биохимия кафедрасының профессоры, «Вятка мемлекеттік агротехникалық университеті» ФМББМ, Киров қ., Ресей..</p>	<p>Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ</p>
<p>Жумабаев Асхат Коньсбаевич</p>	<p>8D09102 – Ветеринарлық санитария</p>	<p>«Батыс Қазақстан облысы су айдындарындағы балықтардың ветеринариялық санитариялық қауіпсіздігі»</p>	<p><u>Нурғалиев Б.Е.</u> – ветеринария ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Ветеринария және агротехнология» институтының директоры, «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық- техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ., Қазақстан; <u>Артурас Стимбирис</u> (<i>Arturas Stimbirys</i>) – ветеринария ғылымдарының докторы, Азық- түлік сапасы мен</p>	<p>«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық- техникалық университеті» КЕАҚ</p>

			қауіпсіздігі» кафедрасының профессоры, Ветеринарлық академия, Литва денсаулық ғылымдары университеті (Каунас қ., Литва).	
Кушмуханов Женис Серикович	6D120200 – Ветеринарлық санитария	«Мия тамырының экстрактісі пайдаланылған құс етін ветеринарлық- санитарлық бағалау»	<u>Таубаев У. Б.</u> – ветеринария ғылымдарының докторы, «Ветеринария және агротехнология» институтының профессоры, «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық- техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ. <u>Нурғалиев Б.Е.</u> – ветеринария ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық- техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ. <u>Тайгузин Р.Ш.</u> – биология ғылымдарының докторы, ветеринариялық- санитариялық сараптама және фармакология кафедрасының профессоры, Орынбор	«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық- техникалық университеті» ҚЕАҚ

			мемлекеттік аграрлық университеті, Орынбор қ., Ресей Федерациясы.	
--	--	--	---	--

2024 жылы диссертациялық кеңеске қорғау үшін 3 докторант өз құжаттары мен диссертациялық жұмыстарын ұсынды.

4. Есеп беру жылында диссертациялық кеңесте қарастырылған диссертациялар жөніндегі қысқаша талдау

4.1 Диссертациялық жұмыстардың тақырыбын талдау

PhD докторы дәрежесін иелену үшін орындалған диссертация ветеринария саласындағы қолданбалы зерттеулер түрінде жүргізілген.

А.Г. Жабыкпаевнаның «Қостанай облысындағы иксодофаунаны зерттеу және иттердің бабезиозын алдын алу» (қорғау тілі - орыс тілі) тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ветеринарияның өзекті мәселелеріне және Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді. Жұмыс ветеринариялық паразитология саласындағы зерттеулерге және Қостанай облысының аумағында иксодофаунаны зерттеуге арналған. Қазақстанның солтүстік аймағы жағдайында маусымдық-жас аспектісінде иттердің бабезиозымен сырқаттанушылықтың эпизоотиялық жағдайы мен динамикасы зерттелді. Иттердегі бабезиоз кезінде ғылыми негізделген тиімді емдеу хаттамасы әзірленіп, сынақтан өткізілді және Қостанай қаласының ветеринариялық клиникаларының тәжірибесіне енгізілді.

Асхат Конысбайұлы Жумабаевтың «Батыс Қазақстан облысы су айдындарындағы балықтардың ветеринариялық санитариялық қауіпсіздігі» (қорғау тілі - қазақ тілі) тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ветеринарияның өзекті мәселелеріне және Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді. Жұмыс тағам қауіпсіздігі саласындағы зерттеулерге, атап айтқанда балық шаруашылығы өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін зерттеуге арналған. Алғаш рет Қазақстан Республикасының Батыс Қазақстан облысының су айдындарында балық инвазиясының таралуына кешенді мониторинг жүргізілді және описторхоз, изакидоз, лигулез және т. б. ауралардың таралу аудандары анықталды. Балықтағы ауыр металл тұздары мен радионуклидтердің деңгейі анықталды. Алғаш рет инвазиямен ластанған және ауыр металл тұздарымен ластанған балық етінің химиялық құрамы, аминқышқылдарының, май қышқылдарының, дәрумендердің құрамы, минералды құрамы және тағамдық құндылығы анықталды. Кадмийді балық етінен алу әдісі ұсынылған.

Жеңіс Серікұлы Кушмухановтың «Мия тамырының экстрактісі пайдаланылған құс етін ветеринарлық-санитарлық бағалау» (қорғау тілі – қазақ тілі) тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ветеринарияның өзекті мәселелеріне және Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді. Жұмыс ветеринариялық-санитариялық сараптама саласындағы зерттеулерге, атап айтқанда құс еті мен құс етінен жасалған өнімдердің сапасын арттыруды зерттеуге, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге арналған. Мия тамырының құс етінің сапасына әсері зерттелді. Алғаш рет бөдене етінің тағамдық және биологиялық құндылығы, мия тамыры сығындысын пайдалану кезінде бөдене қанының биохимиялық және гематологиялық көрсеткіштері бойынша кешенді зерттеулер жүргізілді.

4.2 Диссертация тақырыбының Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясымен қалыптастырып ұсынған ғылым дамуына қатысты «Ғылым туралы» Заңының 18-бабы 3-тармағына сәйкес бағыттармен және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларымен байланысты.

А.Г. Жабықпаеваның «Қостанай облысындағы иксодофаунаны зерттеу және иттердің бабезиозын алдын алу» тақырыбындағы және Ж.С. Кушмухановтың «Мия тамырының экстрактісі пайдаланылған құс етін ветеринарлық-санитарлық бағалау» тақырыбындағы диссертациялық жұмыстары кафедраның бастамашыл тақырыбы аясында орындалды

А.К.Жумабаевтың «Батыс Қазақстан облысы су айдындарындағы балықтардың ветеринариялық санитариялық қауіпсіздігі» (қорғау тілі - қазақ тілі) тақырыбындағы диссертациялық жұмысы «Батыс Қазақстан облысындағы балық және балық өнімдерінің ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздігінің мониторингі» ғылыми қаржыландыру жобасы шеңберінде, 267 «Білім мен ғылыми зерттеулердің қолжетімділігін арттыру» бюджеттік бағдарламасының 101 «Ғылыми зерттеулер мен іс-шараларды бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру» кіші бағдарламасы шеңберінде, «Мал шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігін бақылау үшін тест-жүйелерді әзірлеу» міндеті бойынша, ҚР АШМ қаржыландырған 2021-2023 жылдарға арналған BR10764944 «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне талдамалық бақылау және мониторинг жүргізу әдістерін әзірлеу» ғылыми-техникалық бағдарламасының негізінде орындалды.

4.3 Диссертация нәтижелерін өндіріске енгізу деңгейін талдау

А.Г. Жабықпаеваның зерттеу нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Қостанай облысының иксодофаунасы, *Babesia canis* қоздырғышының таралуындағы иксод кенелерінің рөлі туралы мәліметтер кеңейтіліп, нақтыланды. Табиғи-ошақты аурулармен күресу мәселесін шешуге алынған нәтижелері айтарлықтай үлесін қосады. Маусымдық-жас аспектісінде

иттердің бабезиозымен сырқаттанушылық динамикасы айқындалды, бұл Қазақстанның солтүстік аумағы жағдайында инвазия эпизоотологиясының ерекшеліктерін ашатын қосымша деректер болды.

Қостанай қаласының ветеринариялық клиникалары жағдайында иттердің бабезиозы кезінде Преднизолон және Дюфалак препараттарын пайдалана отырып, тиімді емдеу хаттамалары сыналды және тәжірибесіне енгізілді.

Иттердің бабезиозына жол бермеу үшін профилактикалық шаралар жетілдіріліп, ұсынылды. Қостанай қаласының ветеринариялық клиникаларына және Рудный қаласының "Vetlab" клиникасына енгізу актілері.

Иттердегі бабезиозды емдеу және алдын-алу бойынша «Иттердің бабезиозы. Қостанай облысында таралуы, балау, емдеу және алдын-алу» тәжірибелік ұсыныстар әзірленді (Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ғылыми-техникалық кеңесі бекітілді, 13.09.2024 ж. №1 хаттама).

Ветеринария және биология мамандықтары бойынша білім алушыларға, жоғары және орта арнаулы оқу орындарының оқытушыларына, малдәрігерлерге және диагностикалық орталықтардың мамандарына көмек ретінде, оқу үдерісіне «Жануарлардың бабезиоздары (эпизоотология, биология, диагностика, түр анықтаушысы)» оқу құралы енгізілді (Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің ОӘК, 29.03.2018 ж. № 3 хаттама).

Зерттеу нәтижелері Украина, Киев қаласындағы Ұлттық биоресурстар және табиғатты пайдалану университетінің Паразитология және тропикалық ветеринария кафедрасында паразитология курсы бойынша оқу процесінде қолданылады.

№4171 «Заттық шыныға кенелерден тұрақты препаратты дайындау әдісі» пайдалы моделіне патент алынды. МК070118.1 нөмірімен «Қостанай облысының биотоптарының кенелерінен оқшауланған *Babesia canis* нуклеотидтер тізбегі (*Babesia Canis isolate Kaz-Dr93 small subunit ribosomal RNA gene, partial sequence*)» АҚШ Ұлттық биотехнологиялық ақпарат орталығының (NCBI) GenBank дерекқорына енгізілген.

А.К. Жұмабаев жүргізілген зерттеулер негізінде әзірленіп, ұсынылды:

- «Балықтарды паразитологиялық зерттеу (изакидоз, описторхоз, постдиплостомоз, лигулез, эустронгилидоз)» әдістемелік ұсыныс (Жәңгір хан атындағы БҚАТУ ОӘБ бекітілді, 22.09.2023 ж. №1 хаттама).

- «Батыс Қазақстан облысының су айдындарындағы балық қауіпсіздігінің балық өнімдеріндегі ауыр металдар тұздарының, радионуклидтердің және антибиотиктердің құрамы бойынша мониторингі» әдістемелік ұсынымдар (Жәңгір хан атындағы БҚАТУ ОӘБ бекітілді, 22.09.2023 ж. №1 хаттама).

- 2023 жылғы 28 сәуірдегі №8012 «Балық шикізатынан кадмийді шығару әдісі» пайдалы моделіне, балық ағзасынан ауыр металдардың тұздарын шығару тәсілдеріне патент алынды.

- диссертациялық жұмыста алынған паразитологиялық мониторингтік зерттеулердің деректері мен материалдары Батыс Қазақстан облысы бойынша санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің балық өсіру өзендері мен тоғандарындағы паразиттерге қарсы іс-шараларды талдау, болжау және жоспарларын жасау үшін пайдалануға ұсынылады.

Ж.С. Кушмухановтың диссертациялық жұмысының нәтижелері Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің «Ветеринария» білім беру бағдарламасының студенттеріне курстық, дипломдық жұмыстар жазу және сабақтар өткізу кезінде пайдаланылады.

Ғылыми жұмыстың нәтижелері Батыс Қазақстан облысының шаруашылықтарында сыналды және енгізілді, құс шаруашылықтарында мия тамыры сығындысының қоспасын пайдалану ұсынылды. Мия тамырының сығындысын қолдану бөдене етінің ветеринариялық-санитариялық көрсеткіштеріне оң әсер ететіні және оны бөдененің негізгі диетасының бөлігі ретінде қолдануға болатындығы анықталды.

Зерттеу жұмысының нәтижелері зертханаларда, құс шаруашылықтарында құстарды ветеринариялық-санитариялық сараптау кезінде салыстырмалы көрсеткіш ретінде пайдаланылуы мүмкін.

«Бөдене етінің өнімділігі мен сапасын арттыру тәсілі» тақырыбы бойынша Қазақстан Республикасының пайдалы моделіне патент алынды. Тіркеу нөмірі №2024/1191.2 26.09.2024 ж..

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау

Ветеринария ғылымдары жөніндегі диссертациялық кеңестің отырысында (№2 хаттама (22.07.2024 ж.), №4, №5 (11.10.2024 ж.)) қорғалатын диссертациялық жұмыстар бойынша ресми рецензенттер қаралды және бекітілді.

А.Г. Жабыкпаеваның диссертациялық жұмысы бойынша келесі ресми рецензенттер болып тағайындалды:

Сулейменов Маратбек Жаксыбекович – ветеринария ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Жаратылыстану ғылымдары академиясының корреспондент–мүшесі, ҚР ҒЖБМ ҒК «Зоология институты» ШЖҚ РМК жетекші ғылыми қызметкері; Алматы қ., Қазақстан; мамандығы «03.00.20 – Гельминтология».

Турганбаева Гульнар Елдесбаевна - ветеринария ғылымдарының кандидаты, «Биологиялық қауіпсіздік» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы қ., Қазақстан; мамандығы «03.00.19 – Паразитология».

Жумабаев А.К. және Ж.С. Кушмухановтың диссертациялық жұмыстары бойынша келесі ресми рецензенттер болып тағайындалды:

Сарсембаева Нуржан Билтебаевна – ветеринария ғылымдарының докторы, профессор, ветеринарлық-санитарлық сараптау және гигиена

кафедрасының меңгерушісі, «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, Алматы қ., Қазақстан; мамандығы «16.00.03 – Ветеринариялық микробиология, вирусология, эпизоотология, микология, және иммунология».

Серикова Айнуր Темешовна – ветеринария ғылымдарының кандидаты, ветеринария кафедрасының қауымдастырылған профессор, «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, Семей қ., Қазақстан; мамандығы «16.00.03 – Ветеринариялық микробиология, вирусология, эпизоотология, микология, және иммунология».

Пікір берушілер ретінде жоғары оқу орындарының, ғылыми ұйымдардың ғылыми жобаларды орындайтын, халықаралық ғылыми басылымдарға жарияланымдар жасайтын, сәйкесімді мамандықтар бойынша ғылыми атақтары, дәрежелері бар жетекші ғалымдар тағайындалды. Рецензенттерді тағайындау кезінде диссертациялық Кеңес рецензенттер мен ғылыми кеңесшілердің бір-бірінен тәуелсіздік қағидатын басшылыққа алды.

Пікір берушілер ветеринария саласындағы, атап айтқанда докторанттардың ғылыми зерттеу саласындағы мамандар болып табылады және «03.00.20 – Гельминтология», «03.00.19 – Паразитология», «16.00.03 – Ветеринариялық микробиология, вирусология, эпизоотология, микология, және иммунология» мамандықтары бойынша диссертациялар қорғады. Ізденушілердің диссертацияларының бағытына, оның ішінде рецензияланатын шетелдік ғылыми басылымдарға сәйкес келетін ғылыми жарияланымдары бар.

Ресми рецензенттердің пікірлері диссертациялық кеңес туралы ереженің талаптарына сәйкес ресімделді. Жалпы алғанда пікір берушілер ұсынылған диссертацияларға мұқият талдау жүргізілді, объективті баға берілді, ал жұмыстары қойылатын талаптарға сай болды.

6. Ғылыми мамандарды дайындау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Рейтингтік журналдардағы жарияланымдар бойынша ғылыми зерттеулерді орындау үшін 1 жыл не 1,5 жыл мүмкіндігі болу үшін докторантурада оқу мерзімін 3 жылдан 4 – 4,5 жылға дейін ұлғайту.

7. Мамандықтар арасында философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор атағына іздену бойыша қарастырылған диссертациялар туралы мәліметтер

	Мамандығы	
	8D09101 – Ветеринарлық медицина	8D09102 – Ветеринарлық санитария
Қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде, өзге оқыту ұйымдарынан қабылданғаны)	1	2

Қарастырудан бас тартылған диссертациялар (оның ішінде, өзге оқыту ұйымдарынан қабылданғаны)	-	-
Пікір берушілер тарапынан теріс пікір алынған диссертациялар (оның ішінде, өзге оқыту ұйымдарынан қабылданғаны)	-	-
Қорғау нәтижелері бойынша оң шешім қабылданғаны	1	<i>шешім әлі жарияланған жоқ</i>
Қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім қабылданғаны (оның ішінде, өзге оқыту ұйымдарынан қабылданғаны)	-	-
Қорғалған диссертациялардың жалпы саны	1	2
Оның ішінде, өзге оқыту ұйымдарынан қабылданғаны	-	2

Диссертациялық кеңес төрағасы



Р. Рыщанова

Диссертациялық кеңес ғалым хатшысы



А. Елеусизова